

«Логопедия» пәні бойынша
педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы
(2025 жылдан бастап қолдану үшін)

1.Мақсаты: Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сонымен қатар арнайы білім беру мекемелерінде түзету-диагностикалық, түзету-дамытушылық, бейімделген (қысқартылған) жеке білім беру бағдарламаларын іске асыратын, білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлерді аттестаттау барысында педагогтердің (сурдопедагогтар, тифлопедагогтар, логопедтер, мұғалім-дефектологтар) білімін бағалауға арналған тест тапсырмаларын әзірлеу мақсатында құрастырылған.

2.Міндеті: Педагогтердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

3.Мазмұны: Оқу бағдарламасына сәйкес «Логопедия» пәні бойынша оқу материалдары енгізілген.

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқу мақсаттары
01	Логопедияның теориялық негіздері.	01	Логопедияның зерттеу қағидалары мен әдістері	Логопедияның теориялық негіздерін, принциптерін, әдістері мен тұжырымдамалық-категориялық аппаратын білу. Сөйлеу механизмдерін, онтогенездегі сөйлеу тілі дамуының заңдылықтары мен ерекшеліктерін түсіндіру
		02	Сөйлеу тілі бұзылыстарының себептері	Сөйлеу бұзылыстарының себептері ретінде әртүрлі факторлардың (экзогендік-органикалық, тұқым қуалайтын, әлеуметтік) рөлін бағалау
		03	Сөйлеу тілі бұзылыстарының топтастырылуы	Сөйлеу бұзылыстарының түрлерін, олардың типологиясын білу; топтастырылуының этиопатогенетикалық, клиникалық және психологиялық-лингвистикалық критерийлерін білу, сөйлеу тілінің дамымауы (қалыптаспауы) мен бұзылуын, функционалдық және органикалық, орталық және перифериялық сипаттағы сөйлеу кемшіліктерін, бастапқы және қайталама сипаттағы сөйлеу бұзылыстарын белгілеу және ажыратуды білу
02	Сөйлеу тілінің дыбыстық жағының бұзылыстары және түзету әдістемесі	04	Дислалия	Дислалияның негізгі формалары мен түрлерінің сипаттамасын, олардың пайда болу себептерін, балалардағы дыбысты айтудағы кемшіліктерді жою бойынша түзету-педагогикалық жұмыстың әдістері мен тәсілдерін білу, қолдану
		05	Ринолалия	Ринолалияның

				этиопатогенетикалық механизмдерін, ринология формалары, ринологиямен ауыратын балалардың клиникалық және психологиялық - педагогикалық сипаттамалары, түзету-педагогикалық жұмыстың әдістері мен тәсілдерін түсіндіре білу
		06	Дизартрия	Дизартриядағы сөйлеу тілі бұзылыстарының құрылымын, этиопатогенетикалық топтастырылу бойынша дизартрия формаларының сипаттамасын, дизартриясы бар балалардың клиникалық және психологиялық - педагогикалық сипаттамаларын, түзету-педагогикалық жұмыстың әдістері мен тәсілдерін білу және түсіндіру
03	Дауыстың бұзылуы және сөйлеу тілінің жүйелі бұзылыстары, түзету-логопедиялық жұмыс әдістемесі	07	Дауыстың бұзылысы	Дауыс бұзылыстарының органикалық және функционалды түрлерінде түзету-логопедиялық жұмыстың ерекшелігі мен бағыттарын білу және түсіндіру
		08	Алалия	Алалиядағы сөйлеу тілі бұзылыстарының этиопатогенетикалық механизмдерін білу, моторлы және сенсорлы алалияның симптоматикасын және түзету-педагогикалық жұмыстың әдістері мен тәсілдерін қолдануды білу
		09	Афазия	Афазиядағы бұзылыстардың этиопатогенетикалық механизмдерін білу және түсіндіру, инсульт пен бас ми жарақаттарының кейінгі қалпына келтіре оқытуды ұйымдастырудың әдістерін негіздеу, осы бұзылыс түрін дифференциалды диагностикалауды ұйымдастыруды білу
04	Сөйлеу тілінің темпоритмикалық ұйымдастырылуының бұзылуы және түзету әдістемесі	10	Сөйлеу тілінің жылдамдығының бұзылуы	Тырысусыз сипаттағы сөйлеу тілінің жылдамдығы бұзылуының әртүрлі формаларында (брадилалия, тахилалия және оның түрлері) түзету-логопедиялық жұмыстың ерекшелігі мен бағыттарын

				белгілеу
		11	Тұтықпа	Тұтықпаның этиологиясы мен механизмдеріне заманауи тәсілдерді, тұтықпаның әртүрлі формаларындағы сөйлеу бұзылыстарының ерекшеліктерін (невротикалық және неврозға ұқсас), түзету-педагогикалық жұмысты ұйымдастырудың принциптері мен әдістерін білу.
05	Фонетика-фонематиканың жетілмеу және сөйлеу тілінің жалпы дамымауы	12	Фонетика-фонематикалық жетілмеуі (ФФЖ)	Сөйлеу тілінің фонетикалық-фонематикалық жетілмеуінің белгілерін бөлу. ФФЖ балаларды түзете оқыту әдістерінің міндет, мазмұны мен әдістерін белгілеу.
		13	Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы (СТЖД)	СТЖД кезіндегі сөйлеу тілі бұзылыстарының этиопатогенетикалық механизмдерін, СТЖД балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін, СТЖД симптоматикасын білу және түсіндіру; СТЖД-ның деңгейін ескере отырып, түзету бойынша логопедиялық жұмыстың әдістерін талдау және таңдау
06	Жазбаша тілдің бұзылуы және оларды түзету әдістемесі	14	Жазу бұзылыстары (дисграфия)	Дисграфияның симптоматикасын, механизмдерін, жіктелуін білу, дисграфияның әртүрлі формаларын жою бойынша логопедиялық жұмыстың әдістері мен тәсілдерін қолдану
		15	Оқу бұзылыстары (дислексия)	Дислексияның симптоматикасын, механизмдерін, жіктелуін білу, дислексияның әртүрлі формаларын жою бойынша логопедиялық жұмыстың әдістері мен тәсілдерін қолдану
07	Сенсорлы және қимыл-қозғалыс бұзылыстары, ақыл-ойы жеткіліксіздігінде, эмоция-ерік аясының бұзылыстарындағы логопедиялық жұмыс	16	Есту қабілеті бұзылуында логопедиялық жұмыстың ерекшеліктері	Есту қабілетінің төмендеуімен балалардың сөйлеу тілі бұзылыстарының себептерін, механизмдерін, құрылымы мен белгілерін білу және түсіндіру, түзету әдістерін қолдану
		17	Көру қабілеті бұзылуында логопедиялық жұмыстың ерекшеліктері	Көру қабілеті зақымдалған балалардың сөйлеу тілі бұзылыстарының себептерін, механизмдерін, құрылымы мен сипатын білу және түсініру, түзету әдістерін қолдану
		18	Балалар сал ауруында	Тірек-қимыл аппараты бұзылған балалардың сөйлеу тілі

			логопедиялық жұмыстың ерекшеліктері	бұзылыстарының себептерін, механизмдерін, құрылымы мен сипатын білу және түсіндіру, түзету әдістерін қолдану
		19	Зияты зақымдалған логопедиялық жұмыстың ерекшеліктері	Зияты зақымдалған балалардың сөйлеу тілі бұзылыстарының себептерін, механизмдерін, құрылымы мен сипатын білу және түсіндіру, түзету әдістері мен тәсілдерін қолдану
		20	ПДТ балалармен логопедиялық жұмыстың ерекшеліктері	ПДТ балалардың сөйлеу тілі бұзылыстарының себептерін, механизмдерін, құрылымы мен сипатын білу және түсіндіру, түзету әдістері мен тәсілдерін қолдану
		21	Аутистік спектрі бұзылған балалармен логопедиялық жұмыстың ерекшеліктері	Аутистік спектрі бұзылған балалардың сөйлеу тілі бұзылыстарының себептерін, механизмдерін, құрылымы мен сипатын білу және түсіндіру, түзетудің тиісті әдістері мен тәсілдерін қолдану
08	Логопсихологияның теориялық негіздері	22	Логопсихология ғылым ретінде	Логопсихологияның теориялық негіздерін, түсінік-категориялық аппаратын білу. Психикалық және сөйлеу процестерінің өзара әрекеттесу механизмдерін түсіндіру
		23	Логопсихологияның әдістері	Сөйлеу тілі бұзылған балаларға психодиагностика және психологиялық көмек көрсету әдістерін негіздеу және қолдану
09	Сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалардың таным процестерінің ерекшеліктері	24	Сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалардың қабылдауының ерекшеліктері	Психикалық және сөйлеу процестерінің өзара әрекеттесу механизмдерін түсіндіру, сөйлеу қабілеті бұзылған балаларда қабылдаудың даму ерекшеліктерін білу және түсіндіру, психокоррекция әдістерін қолдану
		25	Сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалардың есте сақтауының ерекшеліктері	Сөйлеу тілі бұзылған балалардың есте сақтау қабілетін дамытудың жалпы заңдылықтары мен ерекшеліктерін бөліп көрсету, психокоррекция әдістерін қолдану
		26	Сөйлеу тілі бұзылыстары бар адамдардың зейінінің ерекшеліктері	Сөйлеу тілі бұзылған балалардың зейін қасиеттерін дамытудың жалпы заңдылықтары мен ерекшеліктерін бөліп көрсету, психокоррекция әдістерін қолдану

		27	Сөйлеу тілі бұзылыстары бар адамдардың ойлауының ерекшеліктері	Сөйлеу тілі бұзылған балаларда ойлауды дамытудың жалпы заңдылықтары мен ерекшеліктерін бөліп көрсету, психокоррекция әдістерін қолдану
10	Сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалар тұлғасының және тұлғаралық қарым-қатынас ерекшеліктері	28	Сөйлеу тілі бұзылған адамдардың тұлғалық дамуы мен эмоционалды-ерік аясының сипаты	Сөйлеу тілі бұзылған балалардың жеке тұлғалық және эмоционалды-ерік аясының даму ерекшеліктерін білу және түсіндіру, психодиагностика және түзету әдістерін қолдану
		29	Сөйлеу тілі бұзылған балалардың тұлғааралық қатынастарының ерекшеліктері	Сөйлеу тілі бұзылған балалардың тұлғааралық қатынастарының сипатын анықтау, психодиагностика және психокоррекция әдістерін қолдану
		30	Сөйлеу тілі бұзылыстары бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау	Сөйлеу қабілеті бұзылған балалармен диагностикалық психокоррекциялық жұмысты ұйымдастырудың негізгі принциптерін, әдістері мен формаларын білу, сөйлеу қабілеті бұзылған балаға психологиялық-педагогикалық сипаттама жасау
Мән-мәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б.).				

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Логопедия арнайы педагогиканың құрамдас бөлігі болып табылады. Логопедия саласындағы отандық және шетелдік ғылымның қазіргі жағдайына сәйкес келетін білімнің кең ауқымын меңгеруді қамтамасыз етеді: логопедияның теориялық-әдіснамалық негіздері, сөйлеу бұзылыстарының топтастырылуы, оларды жою және алдын алу әдістері мен әдістері, шектеулі балалардың әртүрлі санаттарындағы сөйлеу бұзылыстарының этиологиясы, механизмдері, құрылымы және түзету туралы білім жүйесі даму мүмкіндіктері, ҚР-да сөйлеу тілі бұзылған балаларға арналған арнайы мекемелер жүйесі, инклюзивті білім беру жағдайында логопедиялық көмекті ұйымдастырудың заманауи тәсілдері мен талаптары. Логопсихология арнайы психологияның құрамдас бөлігі болып табылады. Логопсихологияның ғылым ретінде дамуының қазіргі жағдайына сәйкес келетін, оның басқа пәндермен (психология, арнайы психология, арнайы педагогика, логопедия, лингвистика, медициналық-биологиялық цикл пәндері және т.б.) пәнаралық байланыстарын көрсететін білімді игеруді қамтамасыз етеді. Тапсырмалар пәннің келесі тақырыптарын қамтиды: логопсихологияның жалпы мәселелері (тарих, пән, міндеттер), логопсихологияның әдіснамалық және тұжырымдамалық негіздері, сөйлеу тілі бұзылған балалардың танымдық саласының ерекшеліктері (психикалық процестер) және олардың жеке ерекшеліктері (эмоционалды-ерік аясы және қарым-қатынастық дағдылар), қазіргі заманғы тәсілдер мен балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыруға қойылатын талаптар ерекше білім беру қажеттіліктері.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 26 %; орташа деңгейде (В) – 60 %; жоғары деңгейде (С) – 14 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, тестіленушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен

әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

8. Бағалау:

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін орындалмаған – 1 балл, дұрыс тапсырмаға – 0 балл алады.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. О.Е.Грибова Технология организации логопедического обследования, -М.: Айрис, 2007.С.8

2. Хватцев |М.Е. Логопедия, М.:Наука и техника,2022.

3. Логопедия. Қ. Қ. Өмірбекова, Г.С .Оразаева, Г.Н. Төлебиева, Г.Б. Ибатова, Оқулық. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011.

4. Назарова Н.М. Специальная педагогика. -М.;Педагогика, 2008. 8-издание.

5. Логопедия: учебник для ВУЗов/под ред. Л.С.Волковой. -5-е изд. -М.: Владос, 2007

6. «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы.

7. Организационно-методические основы педагогической поддержки детей с особыми образовательными потребностями в дошкольных организациях образования/Коржова Г.М., Вишневская Т.А., Баймуратова А.Т., Завалишина О.В.– Алматы: ННПЦ РСИО, 2020.

8. Жалпы білім беру мектептеріндегі ерекше білім алуды қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету: әдіс.нұсқаулық/ ЕлисееваИ.Г., Ерсарина А.К. - Алматы: ТП ҰҒПО, 2019.

9. Основы специальной педагогики \Под ред. Л.В.Кузнецовой -М.Академия, 2002.

10. Детская логопсихология: учеб. пособие для студентов вузов: под редакцией В.И. Селиверстова. — М.: Гуманитар, изд. центр ВЛАДОС, 2008

11. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми Образовательными потребностями в общеобразовательной школе: метод. рекомендации/ Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. - Алматы: ННПЦ КП, 2019.

12. Специальная развивающая программа для детей с аутизмом/Ерсарина А.К., Джангельдинова З.Б., Айтжанова Р.К.- Алматы, ННПЦ КП, 2020.

13. Қ. С. Тебенова, А. Р. Рымханова -Арнайы психология: Оқулық. Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011.- 264 бет.

14. Арнайы педагогика: Оқу құралы. Ғ.Ә.Абаева, 2021 – 291 бет.